

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/ nauka-i-obrazovanie/](http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/), 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

Ел конституциясы бойынша бекітілген қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін қолдау мен қорғау – әрбір ұлтжанды азаматтың парызы мен міндеті. Осы жауапкершілікті түсінгенде ғана біз «жарымжан» жарнама мен шалажансар ақпаратқа бейжай қарамайтымыз анық. Болашақта мықты мемлекет боламыз десек, тілімізді дамытуды оның күнделікті өмірде қолдану аясын кеңейтуді барлығымыздың парызы ретінде қарауымыз қажет. Біздер – болашақ жастар, қазақ тілін ту етіп, кейінгі ұрпаққа таза тапсыруға тырысайық. Себебі біз бүгінгі заманның баласы болғанымызбен, келешектің кілтін ұстар ұрпақтың атасымыз. Ана тіліміз үшін күрес – елдің амандығы үшін, жұрттың тыныштығы үшін, яғни отбасымыз үшін күрес. Сондықтан да ар-ұятпен аяланатын ана тілімізге аянбай қызмет етелік, достар!

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. *Шаяев А. Жарнама тілі, жарнама мәтіндерін аудару мәселесі*, 2015. Ссылка <http://www.tilortalyq.kz/kk/?p=1426>
2. Қайдаров Ә., Айтпайұлы Ө. Тіл майданы. – Алматы, 2000.
3. Солтанбекова Ғ.Ә. Қазақ жарнамалары: тілдік сипаты және олардың ықпал ету қызметі. – Канд. дисс. автореф. – Алматы, 2001.
4. Сауранбаев Н.Т., Мұсабаев Г.Г., Сарыбаева Ш. Орысша-қазақша сөздік. – Алматы, 2005.
5. Балақаев М, Жанпейісов Е, Томанов М, Манасбаев Б. Қазақ тілінің стилистикасы. – Алматы, 1990.

УДК 81-812-8126-347.78.034

ТАБУ МЕН ЭВФЕМИЗМДЕРДІ АУДАРУДАҒЫ ҚИЫНДЫҚТАР

Кенжетаева Қ.А., Хайырлы Р.Қ.

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Аударма ісі» мамандығының студенттері,
Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – аға оқытушысы Джабашева Б.М.

Табу мен эвфемизмдерді лингвистикалық және мәдениетаралық факторлармен байланысты қарастырылатын тілдік құрал ретінде зерттеу олардың ерекше мәдени құндылық екендігін таныта түседі. Мұнын себебі, біріншіден, мәдениетаралық қарым қатынас кең етек жайған кезеңде табу, эвфемизмдерді дұрыс түсіну әрі қабылдай білу нәтижелі келіссөздер кепілі. Екіншіден, бұл – көпұлтты Қазақстан жағдайында біздің қоғамның да ажырамас бөлігі. Себебі барлық тілдерде табу мен эвфемизмдер сол тілді тұтынушы этностың (ұлттың, халықтың, тайпаның, рудың) тарихына, мәдениетіне, шаруашылығына қатысты болады.

Табу мен эвфемизмдерді әр түрлі бағыттағы және көзқарастағы лингвистер зерттеді. Соның ішінде отандық және шетелдік: Д.К.Зеленин, Б.А.Ларин, Р.А.Будагов, Вандриес, О.Есперсен, В.Хаверс, С. Ульман, Э.Бен-Венист, Ә.Хасенов, Т.Жанұзақ, Ә.Ахметов, Ә. Болғанбаев, Ғ.Қалиев, Б. Сағындықұлы сынды ғалымдар бар. Көптеген ағылшын лингвистерінің тұжырымдамалары бойынша эвфемизмдер ағылшын тілінің лексикасы мен фразеологиясының басым бөлігін алып жатыр.

Ахманованың сөздігіне сүйенсек, табу дөрекі және қолайсыз сөзді қолданудан қорыққаннан, мифологиялық сенімнен, наным - сенімнен, діннен сондай-ақ, цензуралық шектеуден қолдануға тиым салынған сөз. Эвфемизм қандай да бір құбылысты не затты тура емес, жасырын, сыпайы, жұмсартып айтуда қолданылатын троп.

Әмеди Хасенов келесі пікірді ұстанады: «Эвфемизм – гректің жақсылап, сыпайылап айтамын сөзінен алынған термин. Сырттай қарағанда, эвфемизм тілдегі табудың бір көрінісі, синонимі. Шынтуайтқа келгенде, дәл олай емес, бірақ табуға жақын құбылыс. Эвфемизм – бір затты не құбылысты я болмаса бір оқиғаны сыпайылап айтып жеткізу амалы; адамның көңіліне келмейтіндей, жұқалап, жайдарылап, майдалап айта білу тәсілі. Шынында эвфемизм

– мағына ауыстырудың сөз тапқырлыққа байланысты өнімді түрі. Табу – түптің түбінде, күндердің күнінде жойылатын құбылыс, ал эвфемизм тілдің көркемдегіш, бейнелеуіш құралдары ішіндегі болашағы мол түрінің бірі» [2]. Осы тұрғыда Хасенов табу мен эвфемизмді екі құбылыс ретінде қараса,

Түркі тілдеріндегі табу мен эвфемизмді арнайы зерттеген ғалым Ә.Ахметов эвфемизмге мынадай анықтама береді: «Эвфемизм дегеніміз өңін айналдырған табу немесе тура атауына тыйым салынған ұғымның бет пердесі, бүркеніші немесе табудың жасанды синонимі» [3].

Жоғарыда келтірілген анықтамаларды ой елегінен өткізе келе, ғалымдардың табу мен эвфемизмге қатысты пікірлер өзгешелігін аңғаруға болады.

Түпнұсқа тілдегі табу сөздерді аудармада дәл сондай мағынада жеткізу қиындық туғызады. Табу сөздерді аудару үшін екі тілдің мәдениетін тең деңгейде білу керек, осы кезде аудармашы түпнұсқа тілдегі табудың аударма тілде табу болатын болмайтындығын біледі. Енді 3 мүмкін болатын жағдайды қарастырайық: а) түпнұсқадағы табу аударма тілде табу болмауы мүмкін; б) түпнұсқадағы табу сөз аударма тілде де табу; в) түпнұсқада табуға жатпайтын сөз аударма тілде табу болуы [4].

а) Ағылшындарда жыныстық белгіні, соның ішінде, әйел адам мен ер адамдарды жекелеп көптеген мамандық атауларына «man» сөзін қосып атайды. Мысалы: (camera operator - cameraman; firefighter - fireman; police officer - policeman; chairman - chairperson; stewardess - flight attendant).

б) Адам баласы үшін табиғи құбылыстардың ішіндегі ең қорқыныштысы да, сескендіретін суығы да – өлім. Сондықтан да кез келген халықтың тілінде «өлім», «өлді» деген сөздердің орнына сол ұғымдарды білдіретін, бірақ алдыңғылардан әлдеқайда тігісі жатық эвфемистік синонимдер қолданылады. Мысалы, қазақ тілінде «өлу» деген ұғымды білдіретін сөздің орнына - «қайтты-Returned To The Source», «жан тапсыру-Gave Up The Ghost», «өмірден кету- went West», «соңғы демін шығару - Breathe One's Last», «мәңгілік ұйқыға кету - Asleep» деген эвфемистік баламалар қолданылады.

с) Туыстық атаулар – қазақ халқының этногенетикалық құрылымынан хабар беретін, оның өзіндік ерекшеліктерін байқататын басты лексика-семантикалық топтардың бірі. Халқымыздың бойына сіңген дәстүр бойынша, келін бала алдымен түскен жерінің үлкен-кішісі, ерлер мен әйелдеріне өзінше ат қоя білуі тиіс. Ол қазақта «ат тергеу» деп аталады. Олар ат қойғанда ер адамдар ақсақалдар мен өзінен үлкенді «ата», «әке», «ереке», «жәке» деп құрмет көрсеткен. Ал өзімен тұрғылас, тетелес қайындарын кескін келбеті мен мінез-құлығына сай «Дәу қайным», «Мырза жігіт», «Кішкенем» деп әзілдей шақырса, қайын сіңілілерін «Еркем», «Серігім», «Үкілім» деп еркелете атайтын болған. Бойы кішілеу інісін «сұңғағым», жайбасарды «жүйрігім» деп те атап жатады. Кейінгі жылдары қызмет мамандығына байланысты «доктор қайынаға», «әртіс қайным» деген сияқты атаулар да қалыптасты. Бұл сыйластық пен құрметтің ерекше белгісі.

Эвфемизмдер жарнама, сленг және кәсіби жаргондарда (shop talk) кең қолданылады. Әсіресе, бұл көркем мәтінді аудару мен публицистикалық материалдарды аударуда ерекше маңызға ие. Мысалы, ломбард дүңгіршектерін (pawnshops) қазіргі кезде АҚШ–тағы жарнамаларда дүңгіршек деп емес, несие беретін зергерлік бұйымдар компаниясы (loan and jewelry companies) деп атап жүр. Ал, гитарист (guitarist) өзін гитарист емес, дыбыс жазу маманы (recording artist; entertainer) деп; тек жергілікті немесе жекеменшік орындарда белгілі әнші (singer), мысалы театрға өз қызметтерін ұсына отырып, өзі жайлы эстрада әншісі (showman, entertainer, performer) ретінде айтады. Қолданыста болған көліктер АҚШ–та көп жылдар бойы used cars немесе second-hand cars деп аталып келсе, енді алып–сатар делдалдар оларға қолданыста болған (used cars) деп емес, иелікте болған (pre-owned cars) деген жарнама қолдануда.

Кедейлер (the poor) қазіргі капиталистік қоғамда, эвфемистік логикада соншалықты кедей емес: экономикалық баспасөздерде оларды алдымен the neediest (өте мұқтаж), кейіннен жай ғана the needy, the ill-provided (мұқтаж), сонан соң the deprived (игіліктерден айырылған) кейін the socially deprived (үлестен құр алақан қалған кедейлер) деп , ақырында the

underprivileged (жеңілдіктерден айырылған), the disadvantaged (қолайсыз өмірлік жағдайға ұшыраған), соңында low-income people (тұрмысы төмен) деп беріліп жүр (5).

Эвфемизмдердің басым бөлігі сыпайылық принципі бойынша құралған. Оның құрамына кемсітушіліктің түрлерін жұмсартылған сөздер мен сөз тіркестері кіреді.

- Жас ерекшелігін кемсітуге байланысты жұмсартылған эвфемизмдер (middlescence – 40 пен 65 жас аралығында; senior, mature, seasoned, distinguished, gracious (әйел адамға байланысты) - кәрі);

- Дене кемістігі мен ақыл-ой кемтарлығына байланысты жұмсартылған эвфемизмдер (differently abled, physically different, individuals with disabilities немесе handicapable - мүгедек; big-boned, differently sized, husky немесе full-figured – семіз, толық; hair-disadvantaged – тақыр, таз; sane, mentally unbalanced (deficient), unhinged, deranged, crazy, retarded, lunatic, wrong in the head, not all there, off one's head, off one's rocker – есі ауысқан; a bit wanting in the top storey, half-wilted, half-baked, nut, nutty, batty, barmy, dotty, having bats, in one's belfry, crazy as a bedbug - дені сау емес; есі кіресілі-шығасылы);

- Нәсілдік және этникалық кемсітуге байланысты жұмсартылған эвфемизмдер (African-American, member of African Diaspora, person of black race – АҚШ-ның қара нәсілді адамы, негр халқының өкілі; Jewish person - еврей) (6).

Табу мен эвфемизмдерді екі тілде қарастыра келе, тілдердің өзіне тән ерекшеліктерін байқадық. Мақаланы жазу барысында табу мен эвфемизмдердің қазақ тілінде аңшылық, салт-дәстүр, наным-сенімдерде көптеп кездесетінін, ал ағылшын тілінде жарнама, сленг және кәсіби жаргондарда қолданылатынына көз жеткіздік.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. О.С. Ахманова Словарь лингвистических терминов
2. Ә.Хасенов. Тіл білімі. – А., 1996. 154-155./.
3. Ә.Ахметов “Табу и эвфемизмы в тюркских языках”/76/.
4. Вестник Адыгейского государственного университета. Серия 2: Филология и искусствоведение. Выпуск № 2 (140) / 2014
5. Страхова В.С. Грамматическое описание как вид текста // Язык как
6. коммуникативная деятельность человека: Сб. науч. тр./ МГПИИЯ им. М.Тореза. - Вып. 284. – М: Изд-во МГПИИЯ им. М. Тореза, 2005. - С. 42-48.

УДК 81'255

ЕРКІН АУДАРМА

Қайроллаева Ботакөз Қайроллақызы

bota_-96@mail.ru

«Аударма ісі» мамандығының студенті, Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университеті, Семей, Қазақстан

Аударма – бұл өте күрделі және көп салалы адами іс -әрекеттің бір түрі. Күнделікті ауызекі тілде аударма ісі туралы “бір тілден екінші тілге аудару делінеді”, бірақ шындығында аударма ісімен айналысқанда тек бір тілді екінші тілге аудару ғана көзделмейді. Аудару принципі мен аударманың дәлме-дәлдігі туралы ұғым заманалар озған сайын өзгеріп отырады. Мысалы, орта ғасырларда әріпшілдік, сіреспе аударма басым болса, бертін келе, жаңғыру дәуірінде, XVII-XVIII ғасырларда «еркін» аударма етек алды.

«Сөзбе-сөз аудару», «Еркін аудару» деген түсініктер баға беру сипатына ие, жиі және кең қолданылатын ұғымдар болып табылады. **Еркін аударма**- жеткілікті деңгейдегі дәлдікті қамтамасыз етпейтін, шамамен алынған жуық аударма және де, аудармашының өзіншелеп әңгімелеп отырғанына өте ұқсас келеді. Еркін аудармада баламалықтың ең төменгі деңгейі болады. Соған қарағанда тәжірибе көрсеткендей еркін аударма түпнұсқаға өте аз сәйкес